

ОЙЫЛҒА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ КЕЛДІ

Өткен жексенбіде ауданымызға арнайы ат басын бұрған облыс әкімінің орынбасары Амангали Бердалин Саралжын ауылдық округіне қарасты асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысып отырған шаруашылықтарды аралады. Онда қысқы мал азығын даярлау сәтіне куә болып, ауыл шаруашылығына қатысты көптеген мәселелерді талқылады.

Асыл тұқымды қой шаруашылығымен айналысатын «Нұр-Асыл» шаруа қожалығында болып, шаруа қожалықтың төрағасы Амангали Өмірғалимен арнайы тілдесті. Одан кейін он бір жылдан бері бау-бақшамен айналысып отырған жергілікті диқан «Спарта» шаруа қожалығына барды. Бүгінде 20 гектарға бау-бақша салып отырған шаруашылық төрағасы Спартак Төремұратовқа келер жылы өнімді мол алып, жұмыс күшін азайту үшін заманауи технологиялық өдіспен еңбектену керектігін атап өтті. Сонымен бірге ангус тұқымды ірі қара малын бағып отыр-

ған «Төжібай-Агро» ЖШС-нің жұмысымен танысты. Мұнда да мал басын көбейту жұмыстарын күшейту керектігін айтып, мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен сыйақыларды тиімді пайдалануға тапсырма берді. Аталған шаруашылықтар кәсіптерін өлде де кеңейтіп, ет, сүт өнімдерін молынан өндіру жөнінде кеңес берді. Әсіресе ет экспортын арттырып, малдың санынан бұрын сапасына баса назар аудару керектігіне кеңірек тоқталды. Әрине ауыл шаруашылығы ауданында мал өсіруге ұмтылушылар көп. Алайда экспортқа сапалы өнім шығару кенже қалып отыр. Сондықтан ер шаруашылық нәтижелі жұмыс жасауы қажет. Осы орайда атқарылған жұмыстар бойынша кеңірек мәлімет берген аудан әкімі Асқар Қазыбаев алдағы уақытта атқарылатын межелі жұмыстар бойынша жоспарымен бөлісті. Сонымен бірге аудандық жер бөлімі, аудандық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің басшы-



лары нақты атқарылып жатқан жұмыстар бойынша тоқталып, суармалы, шабындықтар мен егінді алқаптағы табиғи өзгеріс салдары-

нан туындайтын кейбір мәселелер бойынша ойларын еркін жеткізді. **Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
Ойыл-Саралжын-Ойыл.

АУДАН ӘКІМІ АУЫЛДАРДЫ АРАЛАДЫ

ЖУЫРДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ШИҚҰДЫҚ, ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ КӨСЕМБАЙ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕ БОЛЫП, АУЫЛ ТҰРғындарымен кездесті.

Алдымен Шиқұдық елді-мекенінде болған аудан басшысы бұл ауылдың тыныс-тіршілігі жайлы екендігін айта отырып, қысқы мал азығын ерте қамдап алу керектігін ескертті. Себебі жаздың соңғы айы суытып тұрғандығын ескерте отырып, қара күзде ауа райы жауын-шашын болатын болса, мал азығын тасымалдау мұңға айналатындығын баса айтты. Ал, Көсембайда қарапайым тұрғындардың малы жайылатын өрістің тарлығы мәселеге айналған. Оны ауылдың бірқатар ақсақалдары бірнеше рет айтып, осы жағдайға аса мән берсе,- дейді. Себебі ауыл тұрғындары мал басын көбейту үшін малдың жайылымы тарлық етеді. Тағы бір айта кететін жайт

Көсембайда қаңғыбас иттер көп. Оны жою үшін аудан әкімі арнайы мамандарға тапсырма беретіндігін және ауылда ер қозғалған мәселе бей-жай қалмайтындығын нақты айтты. Сонымен бірге қос ауылда да таза-лық, халықтың табиғи өсімі мәселесі қозғалды. Ауданның шығыс жақ төңірегіндегі ауылдарды аралаған аудан әкімі іс-сапар барысында бау-бақша өнімдерімен кәсібін дөңгелетіп отырған «Спарта» шаруа қожалығына арнайы соқты. Сонымен бірге Тайсойған ауылында салынып жатқан мектептің құрылысымен танысты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Шиқұдық-
Көсембай-Ойыл.

СЕРПІН БЕРГЕН «ЖАСТАР ЖЫЛЫ»

ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ «ЖАСТАР ЖЫЛЫ» ДЕП АТАДЫ. МІНЕ ОНЫҢ АЙҒАҚТЫ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ ЖАСТАРДЫҢ КӘСІППЕН АЙНАЛЫСЫП, ЖОҒАРЫ БІЛІМ ОРЫНДАРЫНДА САПАЛЫ БІЛІМ АЛУЛАРЫМЕН ҚАТАР ЖЕР-ЖЕРДЕ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН АЛУАН ТҮРЛІ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУДА.



Осы орайда өткен жұмада аудан орталығында Жастар жылына орай «Жастар – болашаққа жол бастар!» атты аймақтық жастар күні өткізілді. Айтулы шараға Ақтөбе облысының Байғанин, Темір аудандарынан және көршілес Атырау облысының Қызылқоға, Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе аудандарының белсенді жастарынан құрылған делегат арнайы келіп қатысты. Сонымен бірге аймақтық жастар күнінен ауданға қарасты ауылдық округтердің де жастары қалыс қалмады. Жан-жақтан жиылған жастар алдымен аудандық мәдениет үйінің алдында «Жастар – болашаққа жол бастар!» аймақтық форумының ашылу салтанатына куә болды.

Одан кейін аудандық мәдениет үйінің фойесінде аудандағы мәдениет, спорт, білім салаларындағы белсенді жастардың ғылыми жобалары мен тұғырлы жетістіктерінен жасақталған көрмемен танысты. Еліміз қолынан іс келетін, ойлы да биік рухты, жігерлі де жалынды жастардың көптігімен ерекшеленеді. Біздің аудан халқының 31%-ын жастар құраса, олардың көбісі жалынды, жігерлі, бастамашыл десек артық айтқандық емес. Өйткені бүгінгі шарада талабы таудай, талантты, дарынды, білімді, білікті жастар ауданның өкімінің марапатынан тыс қалмады. Қай салада болмасын ауданның көркейіп, даму

жолында, ел болашағы үшін қалтқысыз қызмет етіп жүрген жастар қандай мақтауға да өбден лайық.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда біздің ауданның жастары да мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдауға ие болып отыр. Нақтырақ айтсақ, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы біздің ауданымызда қарқынды жүзеге асуда. Бағдарлама аясында ағымдағы жылы 46 жасқа тұрғын үй және көтерме жәрдемақымен көмек көрсетіліп, жас мамандар өз қызметтерін абыройлы атқаруда. 2018 жылы жұмыссыздықтың алдын-алу, кәсіпкерлікті дамыту мақсатында Республика бойынша «Zhas Project» жастар корпусын дамыту жобасы жүзеге асырылған болатын. Соның ішінде аудан бойынша 11 жоба ұсынылып, 34 жасқа қолдау көрсетілді. Бұл жобалардың мақсаты аз қамтылған, көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін көмек қолын созу болып табылады. Осы мақсатта ауданымызда иппотерапия, оналту орталығы, құс және бөдене шаруашылығы, дрон, қорт, бақытты бала, Themis заңгерлік кеңсесі, өуен дыбыс жазу орталығы, инвентакси және гидророника жобалары іске асырылды. Сонымен бірге ауданымыз негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатындықтан «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» мемлекеттік бағдарламаларына қатысып, мемлекет

тарапынан берілетін жеңілдіктерді алып, өз кәсіптерін дөңгелетіп жүрген бірнеше жастарымыз да бар. Сондай-ақ жастардың арасында жұмыссыздықтың алдын-алу, жазғы демалысын тиімді өткізу, еңбекке баулу мақсатында елімізде 10 жылдан бері «Жасыл ел» жазғы еңбек маусымы, «Гүлдене бер, туған ел!» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осы



орайда да жыл сайын аудан бойынша 340 жас осы бағдарламаға тартылуда.

Аудандық мәдениет үйінде өткен кездесу жиынында ауданның абыройын асқақтатып, өлем елдерінде білім алып, қызмет етіп жүрген жастар бейнебаян арқылы туған жерге ыстық сезімдерімен ақ тілектерін жеткізді. Аймақтық жастар күні аясында облыс орталығынан арнайы келген облыстық жастар ресурстық орталығы басшының орынбасары Ардақ Бекниязова Ойыл жастарының рәсімімен де жалынды, белсенді екендіктерін үлкен қуанышпен мақтан етіп, алдағы уақытта киелі Кек-жар топырағынан аты тарихта қалатын талай-талай тұлғалар шығатынын нық сеніммен айтты. Ал, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жастардың бүгінгі күнге дейін

атқарылған жұмыстарынан гөрі алдағы уақытта ауданның көркейту жолында қандай жұмыстар жасалады, қандай ұсыныс пікірлері барын сұрады. Яғни, жастармен тікелей ашық тілдесті. Сондай-ақ «Agtope.tv» телеарнасының редакторы, тележүргізуші жерлесіміз Азамат Әбілқайыр да айтулы шараға қатысып, өзінің ыстық сағынышқа толы туған жер туралы өлеңін оқып берді. Сонымен бірге 2019 жыл - Жастар жылына орай, аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың идеясымен аудан жастары туралы яғни, аудандағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырып жүрген жастар ісі жөніндегі комитеттер, ер сала бойынша жұмыс жасайтын ұйымдар, аудан деңгейін халықаралық, республикалық, облыстық сайыстарда, ғылыми - зерттеу жұмыстарында, байқауларда, спорттық жарыстарда жоғары деңгейде қорғап жүрген жастар туралы ақпарат жинақталған «Көкжардың бүгінгі керуенінің жас көшбасшылары» атты кітаптың тұсауы кесілді. Жинаққа ауданның 150-ден астам жасының туындылары енгізілген. Жинақ 70 дана таралымымен жарық көрді. Жинақтың лентасын облыстық жастар ресурстық орталығы басшының орынбасары Ардақ Калиаскерқызы мен «Agtope.tv» телеарнасының редакторы, тележүргізуші жерлесіміз Азамат Әбілқайыр қиды.

Әрі қарай жастар күні түстен кейін аудандық орталықтандырылған кітапханада тұсауы енді ғана кесілген жаңа кітапты талқылады. Ойыл ауданы өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аталған жинақта егерде қалыс қалып қойған жастар болса, кітаптың алдағы уақытта өлі де толықтырылатын-

Жапынқы жастардың жарқын тілегі



Ақбөбек МҰХИТ,
«Гүлдене бер, туған ел»
бағдарламасына қатысушы жас.

Мен, М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының 11 сынып оқушысымын. Жазғы демалысымды тиімді өткізу, ата-анам салмақ салмай аз уақыт болса да өзімнің нанымды табу, туған жерімнің көркеі мен абаттануына өз үлесімді қосу мақсатында «Жасыл ел» жазғы еңбек маусымына жұмысқа кірдім. «Жасыл ел» бағдарламасы жастарды тек жұмыспен қамтып қана қоймай, сонымен қатар жастарға үлкен тәрбие беріп отыр. Жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін оятап, елімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында олардың жалын-жігерін, қуша-қуатын бір арнаға тоғыстыра білген бағдарлама. Оған біздің ауданның да жастары өте белсенді түрде атсалысуда. Елбасымыз жастар жылының ашылуында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай» «жасыл ел» ұйымының базасында жалпыұлттық «Жасыл қала-жасыл ауыл» жобасын іске асыру керектігін атап өткен болатын. Осы орайда біз жалындаған жастар Елбасымыздың игі бастамаларын қолдап, елімізді дамыту үшін жұдырықтай жұмылып, жұмыс істеуге дайынбыз.

Дәурен ҚАЗЫБАЕВ,

«Zhas Project» жобасының жеңімпазы.

Жастар жылы жай ғана реформаларды жүзеге асыруға қатынасып қоймай, арман, мақсат-таримымызды айқындап, оны өрі қарай іске асыра-тын жыл. Талантты да, талапты жастар ауылда жетерлік. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде ауыл жастарына кәсіп ашып, іс бастауға көмек қолын созу керектігін ескерткен болатын. Еліміздің экономикасын дамытушы фактор – ол кәсіп-керлік саласы. Жалпы елімізде шағын кәсіпкерлік дамыса қоғамда бәсекелестік те дамиды. Қосымша жұмыс орындары ашылып, тұтыну секторлары кеңейеді. Жас кәсіпкерлерді мемлекет тарапынан қолдау мақсатында түрлі жобалар мен бағдарламалар қарастырылған. Мен осындай жобалардың бірі «Zhas Project» жобасына қатысып, гидророниканы дамытуды қолға алып келемін. Жалпыды жастар қазір «Бой емес, ой өсіретін» ағасыр болғандықтан баршаңызды туған елге қалтқысыз еңбек өтуге шақырамын.



Гаунар САМАЖБЕКҚЫЗЫ,
«Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына қатысушы.

Мен, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медициналық университетін аяқтап, Мемлекетіміздің тарапынан жастарымызға жасалып жатырған игі бастамалардың бірі де, бірегейі, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасымен Ойыл аудандық Орталық ауруханасында дәрігер эпидемиолог болып жұмысқа орналастым. Осы бағдарлама аясында, бір жолғы көтерме жәрдемақы алып, темен пайызды несиемен тұрғын үйге қол жеткізіп, баспаналы болдым. Сонымен бірге Республикалық кәсіподақтар бірлестігінің баспанғаа мұқтаж жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету негізінде 1 миллион теңге тұрғын үй сертификатпен марапатталдым. Міне осылайша жастардың жан-жақты дамуына, әлеуметтік жетілуіне арналған бағдарламаның ауданда жүзеге асуына өз септігін тигізгіп жатырған аудан басшылығына өз ризашылығымды білдіремін.

Әділет ҒАЗИЗОВ,

Жас кәсіпкер.

Жастар жылы – ол елімізде болып жатқан қызу айналымға жөй қатысуымыздың ғана емес, оның дамуына өз үлесімізді қосатын жыл. Менің жасым 21-де. Мен жалпы шаруашылыққа Ойыл аграрлық колледжін оқып жүргенде араласа бастадым. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында «Ауыл – ел бесігі» атты жобасы айтылған болатын. Бұл жоба мына біздер, ауыл жастары үшін берілген әлеуметтік саты болып табылады. Себебі, жер – біз үшін берілген үлкен мүмкіндік. Ол жастардың болашағын құратын еңбек нарығы. Мен олаймын, егер ауыл шаруашылығымен айналысатын, осы жердің байлығын, құндылығын, яғни, өмім сезінген жастар болса, олар ешқашан бұл шаруашылықтан қашпайды.



Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ					БЮДЖЕТ УИЛСКОГО РАЙОНА НА 2019 ГОД					
13	9	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48853			001	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области развития предпринимательства и сельского хозяйства	23198
	9		001	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10741		458	001	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)	48853
		471	113	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	38112			113	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог	10741
			001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	231176			471	Целевые текущие трансферты из местных бюджетов	38112
02			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	24561			001	Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)	231176
02	1			Қорғаныс	206615	02		113	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области образования, физической культуры и спорта	24561
02	1	122		Әскери мұқтаждар	11428		1		Целевые текущие трансферты из местных бюджетов	206615
02	1	122	005	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3006				Оборона	11428
	2			Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3006				Военные нужды	3006
		122		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	8422				Аппарат акима района (города областного значения)	3006
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8422		2	005	Мероприятия в рамках исполнения всеобщей воинской обязанности	3006
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2948				Организация работы по чрезвычайным ситуациям	8422
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	5474			006	Аппарат акима района (города областного значения)	8422
04				Білім беру	2616900			007	Предупреждение и ликвидация чрезвычайных ситуаций масштаба района (города областного значения)	2948
04	1		471	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	71191	04			Мероприятия по профилактике и тушению степных пожаров районного (городского) масштаба, а также пожаров в населенных пунктах, в которых не созданы органы государственной противопожарной службы	5474
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	71191		1	471	Образование	2616900
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындамемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	39954				Дошкольное воспитание и обучение	71191
			045	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	31237			040	Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)	71191
04	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2441324			040	Реализация государственного образовательного заказа в дошкольных организациях образования	39954
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2441324		2	045	Целевые текущие трансферты бюджетам города районного значения, села, поселка, сельского округа на реализацию государственного образовательного заказа в дошкольных организациях образования	31237
			004	Жалпы білім беру	2303261			471	Начальное, основное среднее и общее среднее образование	2441324
			005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	54720				Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)	2441324
			028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	83343			004	Общеобразовательное обучение	2303261
04	9		471	Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	104385		9	005	Дополнительное образование для детей и юношества	54720
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	104385			028	Дополнительное образование для детей и юношества по спорту	83343
			008	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	28625			471	Прочие услуги в области образования	104385
			009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	47167				Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)	104385
			010	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	2088			008	Информатизация системы образования в государственных учреждениях образования района (города областного значения)	28625
			020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлеуі	2596			009	Приобретение и доставка учебников, учебно-методических комплексов для государственных учреждений образования района (города областного значения)	47167
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	189			010	Проведение школьных олимпиад, внешкольных мероприятий и конкурсов районного (городского) масштаба	2088
			046	Әдістемелік жұмыс	17581			020	Ежемесячные выплаты денежных средств опекунам (попечителям) на содержание ребенка-сироты (детей-сирот), и ребенка (детей), оставшегося без попечения родителей	2596
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6139			027	Выплата единовременных денежных средств казахстанским гражданам, усыновившим (удочерившим) ребенка (детей)-сироту и ребенка (детей), оставшегося без попечения родителей	189
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	564096			046	Методическая работа	17581
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	261395		06	067	Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций	6139
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	259043				Социальная помощь и социальное обеспечение	564096
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	259043		1	451	Социальное обеспечение	261395
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2352				Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения)	259043
			030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2352			005	Государственная адресная социальная помощь	259043
06	2			Әлеуметтік көмек	278872			471	Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)	2352
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	278872		2	030	Содержание ребенка (детей), переданного патронатным воспитателям	2352
06	2	451	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	158853			451	Социальная помощь	278872
06	2	451	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	13744				Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения)	278872
06	2	451	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	270			002	Программа занятости	158853
06	2	451	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	39706			004	Оказание социальной помощи на приобретение топлива специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и ветеринарии в сельской местности в соответствии с законодательством Республики Казахстан	13744
06	2	451	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	9391			006	Оказание жилищной помощи	270
06	2	451	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	17720			007	Социальная помощь отдельным категориям нуждающихся граждан по решениям местных представительных органов	39706
06	2	451	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	39188			014	Оказание социальной помощи нуждающимся гражданам на дому	9391
06	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	23829			017	Обеспечение нуждающихся инвалидов обязательными гигиеническими средствами и предоставление услуг специалистами жестового языка, индивидуальными помощниками в соответствии с индивидуальной программой реабилитации инвалида	17720
06	9	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	23829		9	023	Обеспечение деятельности центров занятости населения	39188
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16901			451	Прочие услуги в области социальной помощи и социального обеспечения	23829
06	9	451	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	3122				Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения)	23829
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	3806			001	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области обеспечения занятости и реализации социальных программ для населения	16901
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	201628			011	Оплата услуг по зачислению, выплате и доставке пособий и других социальных выплат	3122
07	1			Тұрғын үй шаруашылығы	71222	07		054	Размещение государственного социального заказа в неправительственных организациях	3806
07	1	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1592		1		Жилищно-коммунальное хозяйство	201628
07	1	458	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	1592			458	Жилищное хозяйство	71222
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	69630			466	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)	1592
			003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	36697				Организация сохранения государственного жилищного фонда	1592
			004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	21933			003	Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)	69630
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	11000			003	Проектирование и (или) строительство, реконструкция жилья коммунального жилищного фонда	36697
07	2			Коммуналдық шаруашылық	128979			004	Проектирование, развитие и (или) обустройство инженерно-коммуникационной инфраструктуры	21933
07	2	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	128979		2	098	Приобретение жилья коммунального жилищного фонда	11000
07	2	458	012	Сумын жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	9175			458	Коммунальное хозяйство	128979
07	3		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	119804				Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)	128979
07	3									

(жалғасы келесі санда)

2020 Жылдан бастап шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізу туралы

БЖЗҚ жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі жаңа енгізілімдер туралы жиі келіп түсетін сұрақтарға байланысты келесі түсініктеме береді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 2 тамызында қабылданған № 342-V Заңына сәйкес зейнет-ақымен қамсыздандыру деңгейін арттыру мақсатында Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені ескере отырып, зейнет-ақы жүйесін одан өрі жаңғыртуға бағытталған қосымша шартты-жинақтаушы құрамдауышты енгізу көзделіп отыр.

Шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс берушілердің ай

сайынғы кірісінің 5 пайызы мөлшерінде БЖЗҚ-дағы қызметкерлердің шартты зейнетақы шоттарына аударылатын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖБМЗЖ) есебінен қалыптастырылатын болады.

Зейнетақы жасына жеткен азаматтар, сондай-ақ, жиынтығында кемінде 60 күнтізбелік ай жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары аударылған І және ІІ топ мүгедектігі барлар (мүгедектігі мерзімсіз белгіленген жағдайда) жаңа құрамдауыштан зейнетақы төлеу құқығына ие болады. Бұл ретте шартты-жинақтаушы құрамдауыштан төленетін зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

Шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесі шеңберіндегі зейнетақы төлемдері азаматтарға өмір бойы төленетіні маңызды артықшылық болып табылады.

Шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесі шеңберінде зейнетақы жарналары жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүргізілетіндіктен, оларға қызметкерлердің меншік құқығы және мұрагерлік құқығы қолданылмайды. Қайтыс болғандардың, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен және өмір бойы төлем үшін жеткіліктілік сомасынан асатын зейнетақы жинақтары бар адамдардың шартты зейнетақы шоттарындағы қаражат, шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қалған қатысушылары арасында қайта бөлінетін болады. Осылайша шартты-жинақтаушы зейнетақы жүйесі жинақтаушы ғана емес,

тарату жүйесінің де элементтерін біріктіреді.

Нәтижесінде, шартты зейнетақы жинақтарына жұмыс берушінің белгілі бір қызметкердің пайдасына жасаған зейнетақы жарналары ғана емес, сонымен қатар жүйеден мерзімінен бұрын шыққан басқа қатысушылардың шартты зейнет-ақы шоттарынан қайта бөлінген сомалар, сондай-ақ, шамадан тыс жинақтары бар қатысушылардың шоттары қосылады.

Қаражатты қайта бөлу сәйкес жастағы топтар арасында теңдей жүзеге асырылады (жас топтары туған жылы бойынша қалыптасады).

Осылайша шартты зейнетақы жүйесі әлеуметтік құрамдас бөлікке ие, себебі, кірісі жоғары азаматтардың пайдасына тиесілі жинақтар табысы аз азаматтардың пайдасына ішінара қайта бөлінеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл ауданы әкімінің 2019 жылғы 18 шілдедегі №118 қаулысына сәйкес, «Ойыл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі өзінің «Ойыл аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ-сіне қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.

Талаптар осы хабарлама берілген күннен бастап екі ай ішінде қабылданады.

Мекен жайымыз: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №68

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ГОРОДА АКТОБЕ!

В связи с участвовавшими карманными кражами, Местная полицейская служба Департамента полиции предупреждает, чтобы не стать жертвами «карманных воров» соблюдайте меры предосторожности.

- находясь в местах массового скопления людей, (*в автобусах, на остановках, рынках, торговых домах, супермаркетах, развлекательных центрах*.) постоянно проверяйте свои личные вещи, (*бумажники, мобильные телефоны и т.д.*), при возможности положите, их во внутренние карманы, либо возьмите в руки.

- заходя в места скопление людей, следите за тем, чтобы Ваша сумка была застегнута и возьмите свою сумку, рюкзак в руки и держите их перед собой.

- обратите внимание на то чтобы портмоне либо мобильный телефон не выделялся из одежды, тем самым не привлекая к себе внимание.

- никогда не кладите сумку с деньгами в тележку для покупок.

- не храните в кошельке записку с пин-кодом от кредитной карты, и уж тем более не указывайте его на самой карте.

- обращайтесь внимание на людей, которые пытаются подойти к Вам поближе, встают сзади или сбоку.

- выходя из мест скопление граждан, проверьте содержание своих вещей.

Если же кража все-таки совершена, то срочно как только это обнаружится, обратитесь в полицию. Помните - чем скорее информация поступит в полицию по телефонам 102, тем больше шансов, что воры будут пойманы, а имущество возвращено. Гарантией успеха раскрытия преступлений является своевременное обращение.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА !!!

Ойыл ауданы әкімдігі 2019 жылы 28 тамызда сағат 15:00

Ойыл ауданы, Курмангазин №43, Ойыл ауданы әкімдігінің кіші мекінісі запы мекен-жайында үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттар) үшін жер учаскелерін жеке меншікке сату бойынша аукцион өткізеді

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Лот №	Нысаналы мақсаты	Мекен жайы (орналасқан жері)	Жер көлемі, (ш.м.)	Иеліктен шығарылатын құқық түрі	Бастапқы құны (теңге)	Кепілдік жарнаның мөлшері (теңге)	Жер салығы (теңге)	Сауда-саттық тәсілі және жүргізу әдісі
1	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ойыл уданы, Саралжын а/о, Кермер ауылы, Ойыл-Саралжын тас жолы бойыннан, №5 жер телімі	3800 ш.м.	Жеке меншік құқығы	228 000	126 250	1 824	Ағылшындық әдісі
2	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, бас жо о с п а р ы бойынша, №29 жер телімі	2400 ш.м.	Жеке меншік құқығы	714 000	126 250	1 152	Ағылшындық әдісі

Аукционды өткізу күні мен уақыты:2019 жыл 28 тамыз, 15:00-де.

Аукционды өткізу орны: *Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, №43 (әкімдік ғимараты), 3 қабат (кіші мекінісі запы)*

Аукционды өткізу шарттары: аукционды аукционшы өткізеді. Өрбір сауда-саттық объектісі бойынша аукцион аукционшының өз атауын, қысқаша сипаттамасын, аукционды өткізу әдісін, бастапқы баға мен бағалардың өзгеру қадамын хабарлауынан басталады. Аукцион ағылшындық әдіс бойынша өтізіледі (бастапқы бағасының өсуіне қарай). Аукционшы сауда-саттық процесінде қадамдардың өзгеруі туралы хабарлайды. Бұл ретте, қадам объектінің ағымдағы бағасының бестен он пайызына дейінгі шектерде өзгереді. Аукционшы объектінің бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Сауда-саттықта қатысушылардың нөмірді көтеруі бастапқы бағаны өсіреді, бірақ ол хабарланған қадамнан кем болмауы керек. Аукционшы объект бойынша аукционға қатысушылардың аукциондық нөмірлерін хабарлайды, бағаны бекітеді және оны өсіруді ұсынады. Аукционшы объект үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны хабарлайды. Аукционшы объектінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балға соғу арқылы аталған объектінің сатылғаны туралы хабарлайды. Сауда-саттық жеңімпазы анықталғаннан кейін сатушы сауда-саттық өткізу рәсімдерін, сондай-ақ сатып алу-сату шартын жасасу және оның талаптарын орындау жөніндегі тиісті міндеттерді орындамаған жағдайда, сатушы сауда-саттықта осы объект үшін шамасына қарай екінші баға берген қатысушыға (екінші сатып алушы) объектіні сатып алу құқығын береді;

Жер учаскелерінің жеке меншікке сату шарттары және ауыртпалықтар (шектеулер) тізілімі: сатып алушы: аукцион өткізілетін күні оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюға, «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-мен Ойыл ауданы әкімдігінің тиісті шешімі қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жер учаскесінің жалдау құқығын сатып алу-сату шартын жасасуға және ол бойынша міндеттерді орындауға, игерілу шарттары туралы шартты жасасуға, жер учаскесін оның нысаналы мақсатына сай пайдалануға, қажет болған жағдайда, мүдделі тұлғаларға жер учаскесін шектеулі пайдалану құқығын (сервитут) беруге, жалдау төлемін уақытылы өтеуге міндетті.

Сауда-саттықта белгіленген учаскенің аукциондық құны 50% мөлшердегі аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылғаннан кейін банктік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді, ал қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізілуі қажет.

Ескерту: Кепілдік жарна әрбір сауда-саттық объектісі бойынша бөлек енгізіледі.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін:

жеке тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты;

заңды тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) резидент емес тұлғалар сауда-саттық тізілімінен заңдастырылған үзіндіні немесе шетелдік заңды тұлғалар шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға екендігін куәландыратын, мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасы бар басқа заңдастырылған құжатты береді; 4) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты ұсынуы қажет.

Кешірімдердің дұрыстылығын растау үшін түпнұсқалары салыстыру үшін беріледі.

Аукцион қатысушыларын тіркеу ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады. Аукцион қатысуға өтініштер мына мекенжайда қабылданады: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі 69, 3- қабат, 309 және 311- кабинеттер, анықтама үшін телефон: 8 (71332)2-18-80.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Ойыл селосының тұрғындары!

2019 жылдың тамыз айында халықтың цифрлық сауаттылығын көтеру мақсатында кез-келген аудан тұрғындарына ақысыз оқыту сабақтары өткізіледі. Атап айтқанда қызметкер, зейнеткер, кәсіпкер, жұмыссыз, мүмкіндігі шектеулі жандарға оқуға болады. Оқыту сабақтары төмендегі 6 бағдарламаны қамтиды:

1. «Базалық цифрлық дағдылар»
2. «Электрондық үкімет және электрондық мемлекеттік қызметтер»
3. «Электрондық сауда»
4. «Ашық үкімет»
5. «Ақпараттық қауіпсіздік негіздері»
6. «Post.kz онлайн қызметтерінің гипермаркеті»
Оқыту барысында әлеуметтік желілерді пайдалану, мемлекеттік қызмет, интернет арқылы сауда жасау, ғаламторды пайдалану т.б. тақырыптар қамтылады. Цифрлық дағдыларды тегін үйренемін деушілер келіп қатысуға болады.
14-24 тамыз аралығында Ж. Жүсібалиев атындағы ҚОМ, 26-29 тамыз аралығында Ойыл қазақ орта мектебі компьютер кабинеттерінде өткізіледі.
Анықтама үшін мына телефондармен байланысасыз.
14-24 тамыз аралығында 87055364365,
26-29 тамыз аралығында 87785979796 телефондарына хабарласыңыз.

КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ Ойыл ауданы бойынша орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық әлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топтамасын 2019 жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: «Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 56 үй, бөлме № 2, сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін және/немесе **Tulekuil.kz** интернет-ресурсынан алуға болады.

Конвертке салынған конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер «Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі ММ, мына мекенжай бойынша Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 56 үй жібереді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі 2019 жылдың 20 тамызы сағат 14-30 дейін.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттер 2019 жылдың 28 тамызы сағат 15-00 де мына мекенжай бойынша: «Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі ММ, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 64 үй, бөлме № 2 ашылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 871332 21249, 871332 22077.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О КОНКУРСЕ

Гу «Уилский районный отдел образования, физической культуры и спорта» объявляет о проведении конкурса по организации питания обучающихся в организациях среднего образования Уилского района.

К конкурсу допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие требованиям конкурсной документации.

Пакет копии конкурсной документации можно получить в срок до «28» августа 2019 года, с 09-00 до 18-00 часов включительно по адресу: Гу «Уилский районный отдел образования, физической культуры и спорта» Уилский район с. Уил, Ул. Кокжар 56, кабинет № 2 и/или на интернет-ресурсе **Tulekuil.kz**

Конкурсные заявки на участие в конкурсе, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в Гу «Уилский районный отдел образования, физической культуры и спорта», Уилский район, с. Уил, ул. Кокжар 56

Окончательный срок представления заявок на участие в конкурсе до «28» августа 2019 года, 14-30 часов.

Конверты с заявками на участие в конкурсе будут вскрываться по следующему адресу:

Гу «Уилский районный отдел образования, физической культуры и спорта» Уилский район, с. Уил, ул. Кокжар 56, кабинет № 2, «28» августа 2019 года 15 – 00 часов

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: 871332 21249, 871332 22077.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ !!!

Уилский районный акимат 28 август 2019 года в 15:00 по адресу:

с. Уил, ул. Курмангазина 43, зал заседания акимата Уилского района проводит аукцион (английский метод) частной собственности земельных участков для обслуживание зданий (строений и сооружений).

ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

№ Лота	Целевое назначение земельного участка	Месторасположение земельного участка	Площадь земельного участка	Вид отчуждаемого права	Начальная цена (тенге)	Сумма гарантийного взноса (тенге)	Земельный налог (тенге)	Метод проведения торгов
1	Размещение и обслуживание помещений (строений и сооружений)	Уилский район, Саралжинский с/о, с.Кемер, в д о л ь автодороги Уил-С а р а л ж и н, участок №5	3800 кв.м.	Частная собственность	228 000	126 250	1 824	Английский метод торгов
2	Размещение и обслуживание помещений (строений и сооружений)	Уилский район, Уилский с/о,с. Уил, в соответствии с ген.планом, участок№29	2400 кв.м.	Частная собственность	714 000	126 250	1 152	Английский метод торгов

Дата и время проведения аукциона: 28 августа 2019 года, 15:00 часов.

Место проведения аукциона: Уилский район, с.Уил, ул.Курмангазина, дом 43, (здания районного акимата),3 этаж, малы зал заседания.

Условия проведения аукциона: аукцион проводит аукционист. Аукцион по каждому объекту торгов начинается с объявления аукционистом его наименования, краткой характеристики, метода проведения аукциона, начальной цены и шага изменения цены. Аукцион проводится по английскому методу (на повышение начальной цены). Аукционист объявляет об изменении шага в процессе торгов. При этом, шаг изменяется в пределах от пяти до десяти процентов текущей цены объекта. Аукционист объявляет начальную цену объекта и шаг увеличения цены. Поднятием номера участника торга повышают стартовую цену, но не менее чем на объявленный шаг. Аукционист объявляет аукционные номера участвующих в аукционе по объекту, закрепляет цену и предлагает ее повысить. Аукционист объявляет участника, предложившего наиболее высокую цену за объект. Аукционист трижды повторяет последнюю цену объекта и, при отсутствии других поднятых номеров, с ударом молотка объявляет о продаже данного объекта. После определения победителя торгов, продавец на случай невыполнения процедур проведения торгов, а также соответствующих обязанностей по заключению и исполнению условий договора купли-продажи, предлагает право на покупку объекта участнику, назвавшему на торгах вторую по величине цену за данный объект (второй покупатель);

Условия продажи частной собственности земельных участков и перечень обременений (ограничений): покупатель обязан: подписать протокол о результатах аукциона в день его проведения, заключить договор купли-продажи права аренды земельного участка с Гу «Отдел по земельным отношениям Уилского района» в течение одного рабочего дня со дня принятия соответствующего решения акимата района и исполнить обязательства по нему, заключить договор об условиях освоения, использовать земельный участок в соответствии с целевым назначением, при необходимости предоставить заинтересованным лицам право ограниченного пользования земельным участком (сервитут), своевременная оплата арендной платы.

Аукционная стоимость участка, зафиксированная на торгах, оплачивается в виде авансового платежа в размере 50% в срок не позднее 5 банковских дней после подписания договора купли-продажи, а оставшаяся сумма должна быть внесена не позднее 30 календарных дней со дня подписания договора купли-продажи.

Примечание: Гарантийный взнос по каждому объекту торгов вносится отдельно.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо представить:

для физических лиц: 1) заявка на участие в аукционе; 2) платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса; 3) документ, удостоверяющий полномочия представителя;

для юридических лиц: 1) заявка на участие в аукционе; 2) платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса; 3) не резиденты представляют легализованную выписку из торгового реестра или другой легализованный документ, удостоверяющий, что иностранное юридическое лицо является юридическим лицом по законодательству иностранного государства, с нотариально засвидетельствованным переводом на государственный и русский языки; 4) документ, удостоверяющий полномочия представителя.

Для подтверждения достоверности копий предъявляются оригиналы для сверки.

Регистрация участников конкурса производится со дня публикации информационного сообщения и заканчивается за 24 (двадцать четыре) часа до начала аукциона. Заявки на участие в конкурсе принимаются по адресу: Уилский район, с.Уил, ул. Кокжар, 69, 3 этаж 309 и 311 кабинеты, телефон для справок: 8 (71332) 2-18-80.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1621 таба.
Тапсырыс №994
Келемі 1 баспа данақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

Жұт – нағыз мереке



Құрбан айт мерекесін ойылдықтар жылдағы дәстүр бойынша аудандық орталық мешітінде Айт намазынан бастады. Мешіт имамы Нұрсұлтан Серікұлы жиылған жамағатқа Құрбан айт мерекесінің маңызын, күллі мұсылман бауырлар үшін қадір-қасиеттерін айтты.

Сонымен қатар айт намазын қай кезде оқылуын, шарттарын, құрбандыққа қандай малдар шалынатынын жеткізді. Айт мерекесіне көппен бірге қатысқан аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы еліміздің тыныштығы мен өрбір тұрғынға, өрбір отбасыға береке тіледі. Одан кейін көпшілік арнайы мал сою бекетінде құрбандық шалды. Құрбан айттың алғашқы күнінде аудан орталығы мен ауданға қарасты ауылдық округтерде 2 ірі қара, 47 қой сойылып, 126 көмекке мұқтаж адамдарға таратылды. Сонымен бірге орталық мешіттің алдында спорттық шаралар ұйымдастырылды. Қол күрес, пір тасын көтеру жарыстарына күші мығым, білекті жастар қатысты. Пір тасын көтеруден Нұрасхан Сәрсенғалиевқа тең келер ешкім болмады. Ал, қол күресінен Әділет Қалниязов қарсылас шыдатпады. Айтулы мерекедегі тартысты доданың бірі арқан тартыс болды. Бес қоманда қатысқан сайыста қайратты да, қажырлы, бойынан қуаты қаша қоймаған ауыл ағалары бірінші орынды жеңіп алды.

P.S. Аята кетсек, аудандық мешіт жанынында құрылған киіз үйде ауыл ақсақалдарына арналған мерекелік дастархан жайылды. Мерекелік дастархан басында ыстық лебіздерін ақтарған ауыл үлкендері, мешіт жанынындағы жақында ғана жөндеу жұмыстары бітіп, жаңартылып жасалған тахаратхананы арнайы аралады. Аудандық мешіт имамы Нұрсұлтан Серікұлына ризашылықтарын білдіріп, елдің ауызбірлікте, тыныштықта болуы үшін жамағатпен бірлесіп, Алла жолында қалтқысыз қызмет ете беруіне шынайы лебіздерін жеткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі – өлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай тілдердің бірі.

Тіл өрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға сіңген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортана, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туға тілінді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары তোзады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртауар ақыны М.Жұмабаев: “‘‘Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, турмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады’’ – деген. Тіл байлығы – өрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, кезінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті.

Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмейуі, білсе де сөйлемейуі – қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтерімеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің: “‘‘Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік’’ – деп ашына айтқаны ойға оралады. Еліңіз болашағын ойлаған өр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді өдетке айналдырған. Ата – ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп есірген аңызды ұмытумен бірдей!

Ж.БИШӨКЕНОВА,
Ойыл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкері.

ОЙЫЛДА ҒҰН ДӘУІРІНІҢ ҚОРЫМЫ ЗЕРТТЕЛІП ЖАТЫР

Ойылдың Сорлақмола қорымына ғұн дәуірінің адамдары жерленген. Археологтар қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Космотүсірілімдерден тек ғұн дәуіріне жататын қорымдар іріктеліп, археологтар қазба жұмыстарына кірісті. Шілде айында басталған жұмыс өз нәтижесін берді. Ойыл ауданының Шиқұдық ауылынан 2-3 шақырым қашықтықта ғұн дәуірінің адамдары жерленген.

«Зерттеп жатқан нысанның бірі қорымның оңтүстік бөлігінде орналасқан. Тізбектің шетінде қазу жұмысы жүріп, ғұн дәуірінің өйелі табылды. Қабірі жіңішке, адам солтүстікке бағытталып, шалқасын жатқызылған. Моншақ, қапсырма, айна мен пышақ, ұршық табылды. Қорымда жерлеу рәсімі де өткен. Ор табылып, сынған құмыра анықталды», — деді Тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығының басшысы Аслан Мамедов. Айта кетейік, зерттеуді Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Тарихи мәдени мұраларды зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығының археологиялық тобы бірлесе жүргізіп жатыр. Арасында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері де бар. Космотүсірілім кезінде 100-ден астам ескерткіш табылған.

«Ғұн дәуірінің ескерткіштері аз зерттелген. Бұл қоныс аудару кезеңімен байланысты. Яғни, Солтүстік Қытай, Моңғолиядан




басталған қоныс аудару бүкіл Қазақстан аумағын қамтып өтіп, Рим империясына жеткені белгілі. Біздің заманымыздың I ғасырында қоныс аударып, Батыс Еуропаға күш жинап баруының себебі осы жерде. Олар осы жерде екі ғасырдай мекендеген. Яғни, біздің заманымыздан II ғасыры мен IV ғасырдың 70 жылдарына дейін болған. Қазақстанның батыс аймағында, Ақтөбе облысында болғанын анықтау, ізін табу қиына түсті. Себебі олар сармат, сақтар секілді ескерткіштерін биікке салмаған, керісінше байқалмайды», — деді облыстық тарихи-өлкетану



музейінің ғылыми қызметкері Мейрам Дүйсенғали. Ақтөбе облысында ғұн дәуіріне жататын бір мыңға жуық қорым бар. Зерттеушілер бір ғана Ойылдан 100 нысанды анықтап отыр. Барлау жұмыстары келер жылдары да жалғасады. Алғашқыда төрт нысан қазылды.

«Алдағы уақытта кешенді түрде зерттеу керек. Геофизика өдісін де қолданған тиімді. Бәрі қаржыға байланысты. Қарағанды, Алматыда бар құрылғыны алдағы уақытта пайдаланамыз келеді. Украиналық компаниямен келісім жасалуы мүмкін», — Мейрам Дүйсенғали.



Сағым – сағыныш...



Талай таланттардың от жүрегінен орын тепкен Ойыл өңірі – менің туған жерім! Кіндік қаным тамған бұл аймақ – талай сырды қойнына бүгіп жатқан тарихи тұма іспетті.

«Кіші Жібек жолы» жүріп өтіп, кезінде «Көкжар» атанған тарихи өлке Ойыл селосының өзі – биік қырдың үстіне орналасқан. Ауылымызды мөлдіреп қана «Ойыл» өзені орап ағады. Биіктен қарасаңыз, қол созым жерде орналасқан «Екпетал» ауылы – сулұлығымен арбап, өзіне еріксіз шақырғандай! Жапырықтары бұйралана төгіліп, желмен жарыса тербеліп, заңғар көкке шаншыла өскен қайыңдары алыстан «мен мұндалап» көз тартады. «Аты – затын таңбалап тұрған» «Екпетал-дың» құшағы – дөмі таққан таңдайдан кетпейтін қара бүлдірген, хош иісті

алма баққа тұнған өлке.

Екпеталмен қапталдаса, дархан даламыздың бір қойнауында «Бар-қын» құмы жатыр. Табиғи көркі жағынан «Жер жұмағына» пара-пар Барқын табиғи орманды алқабы – біздің өңіріміздің мақтанына айналған ерекше өңір.

«Барқын» мен «Екпетал» – үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарап, жудырықтай жүректері имандылыққа тұнған ойылдықтарға АЛЛАНЫҢ берген сыйындай! Бұл бір – тұңғыш тылсымға толы сұлу өлем.

Жұтқан ауасы көкіректі тазалыққа тундырған Барқынның құмы – емдік қасиетке ие, тап-таза, аппақ құм. Жерге шанши салған шыбықтың өзін қасиетті дала – сөттің ішінде байжеткен ерке қайың мен оның қосағы нар қарағайға айналдырып

жібергендей есерден айыға алмайсыз!

Барқыннан ең таза су шығады, аудан орталығының халқы осы таза суды пайдаланып отыр. Судың д?мділігінде шек жоқ, еш қоспасыз, химикатсыз-ақ жуылған шашыңызды жібектей етеді.

Туған жердің түтіні де ыстық қой! Сағымға айналар сағыныштай туған жерім Ойылымның тау-тасы, мөлд-іреп аққан өзені мен аққұлы көлі – бауырынан түлеп ұшқан барша жанды қай уақытта да өзіне төңті етіп, тағзым тұтқызатын қасиетінен жаңылған емес.

Жасай бер, менің елім, туған жерім!

Әлия ҰЛЫҚПАНОВА,
Ақтөбе қаласы.

ДІН МЕН САЛТ-ДӘСТҮР ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

немесе «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» кезекесуінде туынған ой

Адам баласы болғасын, есейген сайын көпшіліктің айтқандарына еліктеуді азайтып, есесіне олардың, соның ішінде, жастардың қылықтары мен істеріне көбірек көңіл бөле бастайсың. Жақында ауданымызға кездесуге келген теолог мамандар да еліміздегі жастардың дінге деген көзқарастарын, олардың теріс ағымдағы діндерге терең ойсыз беріліп, соңынан қатты зардап шегіп жүргендерін ашық ортаға салды. Кездесуде үлкендеріміз өзіміздің дәстүрлі дініміз бен салт-дәстүріміздің қалай бұзылып бара жатқаны туралы пікірлерін айтты. Осыған орай мен де өзіміздің дініміз бен салт-дәстүріміз туралы өз ойымды ортаға салмақпын.

Біздің, қазақтың, дұрыс дәстүрлі діні мен салт-дәстүрлерін түп-тамыры мен бұзған Кеңестер Одағы Коммунистік Партиясының солақай саясаты. Сол заманның ұрпақтары, бізге мектеп жасынан бастап қазақтың діні мен салт-дәстүрін қараңғылықтың, сауатсыздықтың белгісі деп санамызға сіңірсе, жоғарғы оқу орындарында өдейі «Атеизм» пөнін енгізіп, «Құдай жоқ», жалпы тылсым күш, жаратушы, өулие деген ұғымдар теріс қалыптасқан пікір дегі оқытты. Кеңестер Одағы кезеңіндегі өмірді түбегейлі дұрыс емес деп айыптапаймын, бірақ, жақсылығымен қатар жамандығы өіресе, қазақ халқына, көбірек тиген сияқты. Ол заманның ең теріс жағының бірі барлық ұлттарды орыстандыру мақсаты болды, осының салдарынан өз дініміз бен салт-дәстүріміз тіпті елеусіз қалды. Өтіресіе, билік басындағы ағаларымыздың басым көпшілігі балаларын түгелдей орыс мектептерінде оқытып және өздері дінімізбен салт-дәстүрімізді ұстануға қорықты, кейбіреуі тіпті терең ойлылығының аздығынан намыс-танды да. Ата-аналарымызбен жоға-рыдағы ағаларымыздың қылықтары санамызға сіңгені соншалықты, біз қатарлы азаматтардың «ораз» ұстап намаз оқығандары саясатпен санарлықтай. Ойткені, біздер аргы аталарымыздың, онда да өте бала кезімізде «Ораза» ұстап намаз оқығанын көргеніміз болмаса, өз өкелеріміздің осындай діни салт-дәстүрлерді ұстанғанын көрген жоқпыз. Есесіне, сөзім ауыр бол-масын, олардың қырлы стакандар-мен «Орыс арағын» қандай дастар-ханда болмасын қалдырмай ішетін-дерін көріп өстік. Біздің, қазақтың діні мен салт-дәстүрлерінің жалғасауы (эстафетасы) біздің жасымыздағы ұрпақтарға жетпей үзілді.

Қазіргі ұрпақ, жастар Кеңес Одағының ақылсыз саясаты тоқта-ғаннан кейін дін мен салт-дәстүрдің керек екенін түсініп, біздің дәстүрлі дінімізбен салт-дәстүрімізді зерттеп дұрыс ұстанудың орнына, басқа ұлттардың, жат ағымдағы дін мен салт-дәстүрлерді ұстануда. Соның салдарынан, олар көпшілік келеңсіз жағдайларға ұшырап қор болуда, немесе нәтижесі шамалы ұстаным-дарға алтын уақыттарын текке кетіруде. Мысалы, өзіміздің «Ораза» ұстанудың өзі тіпті басқа болып кеткен, біздің кезімізде мектеп жасындағы балаларды айтпағанда, еңбек етіп жүріп «Ораза» ұстаған азаматтарды немесе азаматша-ларды көрген жоқпыз. Менің өзімнің пайғамбар жасынан асқан өжемің



«Ораза» ұстағаны есімде. Ол кезде ауыз бекіту таң атардың алдында ана басталатын (қазіргі белгіленген кестедей емес) және ауыз бекітіл-геннен кейін қайтадан ұйықтауға жатпайтын. Қайтадан ұйықтап ұйқыны қандыру медициналық тұрғыдан да қате. «Ораза» тұтуды Абай атамыз сияқты 100 немесе 1000 жылда бір туатын алып туғалар ойлап шығарған және оны толық түсінуге өзірге біздің санамыз жетпейді. Қазір ғана, Жапонияның ірі ғалымдары «ашығудың» пайдасын зерттеп жарыққа шығаруда. Ал, оразадағы ұйқыны мейлінше азайту да «ашығуға» қосымша «алмасу заттарын» ұзарту арқылы ағза-мызда жиналған артық майларды жағып тазарту болып табылады.

Сонымен қатар, қайтыс болған адамды соңғы сапарға шығару, садақа беру рәсімдері де өте күрделіленіп, тіпті басқа болып кеткен. Қайтыс болған адамның үйіне туыстығына, жастығына қара-мастан ийтеуір кіріп шығу міндет деп бүкіл ауыл, ол үйдің қақпасы ашылар-ашылмастан, ағыла бастайды. Қайт-қан адамағ берілетін «қонақ асы» мезірі де, оған келетін адамдар саны да белгілі шектен шығып кетіп жатады. Былай айтқанда, берекесіз шашылу көбірек, жағдайы барында да, жағдайы жоғында да. Ал, бұрынғы дәстүрлі жерлеу рәсімдері сақталған аудандарда «қонақ асын» беру тіпті басқаша. Олар, ағайын-туыстар жиналып, бері бірігіп алдымен «қонақ асына» кімдерді шақыратындарын жазып белгілеп, берін бірдей емес, оларға өдейі адам жіберіп уақытын, жерлеу күнінен бұрын кешке жұмыс уақытынан кейінгі 19.00 ге шақырады. Шақырылмаған адамдар, жақын туыстардан басқа, «қонақ асына» топырлап келмейді. «Қонақ асын» беруді және басқа рәсімдерді ұйымдастыруды сол рудың нағыз жанашыр, басқару қабілеті бар бір адам басқарады және басқалары оның айтқанын бұлтқытпай орын-дауға тырасады. Дастархан мезірі де өте қарапайым, тек олар ет асуға үлкен мән береді (етті қазанға салудан бастап дастарханға жет-кенше өр азаматтар дайындайды). Жерлеу күнінде мәйітті жерлеп келгеннен кейін ғана дастархан тек жақын туыстар мен алыстан кел-гендерге ғана жайылады, ал, «қонақ асында» болғандар бұл дастарханға қарамастан жерлеу рәсімінен кейін жұмыстарына бара береді. Кейбір аудандарда жерлеу күнінде (қара-

сында) дастархан тек ет берумен ғана шектеледі. Қалған садақаларға да адамдар, тек алыстағы келе алмаған ағайындар болмаса, тек шақырумен ғана келеді.

Қазіргі жерлеу рәсіміне шақыры-латын имамдарға келсек, олар да бұрынғы дәстүрлі салттарды ұстан-дан алшақтап кеткен сияқты. Имам-дардың түгеліне жуығы қырық жасқа жетер-жетпес жастар, былай айт-қанда өмірдегі тоқтаусыз болып жатқан жаңалықтарға еліктеу жасындағылар, ері өлі де отбасын асырау үшін қаражатқа теуелділер. Жерлеу рәсіміндегі имамдар көбіне шығарып салғалы тұрған марқұмнан гөрі, шығарып салуға келген жамағатқа көп көңіл аударып кетеді. Олар өздерінің төл міндеттерінен ауытқып жамағатқа уағыз айтумен мезі қылады, тіпті кейбіреуі садақа-дағы дастарханда көп сөйлеп дайы-ндалған астың дәмін кетіреді.

Қазақтың «күі тағу», «бет ашу» сияқты салттары да мәнін жоғалтып бара жатқандай... Өйткені «күі тағуды» болашақ құда болатын өулеттердің өйелдер қауымы белек кездесіп, келісіп осы салтты той болатын күнге белгілейтінді шығарған (өріне бері бірдей емес). Негізіңде, «күі тағу», екі жас келіскеннен кейін той күнін белгілеместен бұрын, құда түсуге барғанда жасалған. Ал, «бет ашу» келін түскенде тойға дейін, келін түсіретін босағаны аттар кезде, келінді көрместен бұрын, тек жақын ағайын-туыс арасында жасалған. Қазіргі кезде «бет ашу» теңге жинау мақсатында, шақырылған қонақ-тардың тізімімен ескімді қалдыр-мастан аттарын атап, тойды үстің-де жасалып жүр (өріне, тағы да бөрінде бірдей емес).

Енді, осы жоғарыда айтылған-дарды және басқа да өзгеріп бара жатқан салт-дәстүрлерімізді түзеу үшін не істеуіміз керек? «Қай нәрсені болмасын түзеу үшін оның бұзылған жерінен қайтадан бастау керек» - дейді көреген адамдар.

Сондықтан, дін мен салт-дес-түрімізді басқа елдермен ұлттардан емес, өз елімізден, қазақтардан іздеп, зерттеп, олардың жалғасуын (эста-фетаны) үзілген жерінен қайтадан бастауымыз керек. Ал, жастарға уақыттың дінінен гөрі ғылымға, көбірек ізденуге, еңбек етуге, мүмкіндіктері болса күліп-ойнауға бөлсе деймін.

Мыңжасар ДОСОВ,
Ойыл ауылының тұрғыны.